

БУЛЛИНГ: ӘЗІЛ МЕ, ӘЛДЕ ЗОРЛЫҚ ПА?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



МЕРЕКЕЛІК БӘЙГЕ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Мемлекет пен қоғам тұтастығын нығайту – Қазақстан үшін алдыңғы қатардағы міндеттің бірі. Еліміз тұрақты дамуы үшін халық пен билік арасында өзара сенім және келісім болуы керек. Бұл – мызғымас қағида. Бірақ мұндай келісім өздігінен пайда болмайтыны анық. Қоғамдық келісім, бұл – көпқырлы табанды жұмыстың нәтижесі. Сондықтан мен Президент ретінде осы өте өзекті мәселеге баса мән беремін.

№67
(4965)
Сейсенбі
9 маусым
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АСТАНАДА ҚАНДАЙ АҒАШТАР ӨСЕДІ?

Елорданы жасыл қалаға айналдырудың бір негізі – ағаш отырғызу. Бүгінгі таңда ағаш егуге ерекше маңыз берілген Астананың маңайы сан түрлі ағаштары бой көтерген жасыл белдеумен қоршалған. Қала ішінде де жасыл желек отырғызу жыл сайын көбейіп келеді.

ОҚЫРМАНДАР САНЫ – 57 МИЛЛИОН

Елімізде кітап оқушылар қатары күннен-күнге көбейіп келеді.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметінше, бүгінгі таңда кітапханалар еліміздегі ең көп баратын мәдениет мекемелерінің қатарында болып отыр. Соңғы деректер бойынша кітапханаға келушілер саны 57 миллионға жетті. Пайдаланушылар саны 5,3 миллионнан 5,5 миллион адамға дейін өскен. Ал оқырмандарға берілген кітап көлемі 85,7 миллионнан 88,9 миллион данаға ұлғайған.

Кітапханаларды әсіресе 17 мен 25 жастағы жастар белсенді пайдаланады. Соңғы бір жылдың өзінде балалар әдебиетіне қызығушылық 75 пайызға өсті. Ал қазақ классикасы мен қазақ тіліне аударылған шетел әдебиетіне деген сұраныс 50 пайызға артқан.

Жасанды интеллект негізіндегі шешімдер енгізіліп, кітап қорына қашықтан қол жеткізу мүмкіндігі арта түсті. Электронды кітапхана ресурстарын пайдаланушылар саны 30 пайызға өсіп, 718 мың адамға жетті. Жалпы кейінгі 5 жылда онлайн оқырмандар саны 4 миллионнан асты, ал электронды форматтағы кітаптарды қарау көрсеткіші 9 миллионнан жоғары болды.


ЖАҢА БАҒЫТ АШЫЛДЫ

Астана – Гуанчжоу бағытында жаңа тікелей рейс іске қосылды.

Рейстер заманауи Airbus A321LR ұшақтарымен аптасына екі рет ұшады. Астанадан рейстер – сейсенбі және бейсенбі күндері, Гуанчжоу қаласынан кері рейстер – сәрсенбі және жұма күндері орындалады.

Ұшу уақыты шамамен 6 сағат 45 минутты құрайды. Екі ел арасындағы ұшуды Air Astana әуекомпаниясы орындайды.

Астана халықаралық әуежайының мәліметінше, жаңа рейс Қазақстан мен Қытай арасындағы сапарларды ары қарай ыңғайлы ете түспек.





№67 (4965) 09/06/2026 Сейсенбі

САЙЛАУДАҒЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Армения Премьер-министрі Никол Пашинянды «Азаматтық келісім» партиясының парламенттік сайлаудағы жеңісімен құттықтады.



Көптеген халықаралық байқаушының алдын ала мәліметінше, сайлау елдің қолданыстағы сайлау туралы заңнамасына сай, ашық әрі азаматтардың еркін білдіруіне тиісті жағдай жасала отырып өткен.

Қасым-Жомарт Тоқаев Никол Пашиняннның Армения елінің ұзақмерзімді ұлттық мүддесі жолындағы қызметте табысқа жете беруіне тілектестік білдірді. Президент Қазақстан достас Армениямен барлық салада өзара мүддеге сай белсенді ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев армян халқына мемлекеттілікті дамытуда сәттілік, бейбітшілік пен бақ-береке тіледі.

ҮКІМЕТ

ЕЛОРДА ӨҢІРЛЕРГЕ ҮЛГІ БОЛУЫ ТИІС

Премьер-министр Астана қаласына жұмыс сапары аясында Президенттің өнеркәсіпті дамыту, инфрақұрылымды нығайту және АӨК-тегі қайта өңдеуді тереңдету жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысын тексерді. Олжас Бектенов логистикалық орталық, медициналық бұйымдар өндіретін зауыт, нан-тоқаш, сүт және ет өнімдерін шығаратын кәсіпорындарға барды.



1 МЫҢҒА ЖУЫҚ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қала экономикалық дамудың жоғары қарқынын сақтап, еліміздің жетекші іскерлік орталықтарының бірі ретіндегі рөлін нығайтып отырғанын баяндады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша жалпы өңірлік өнім көлемі 18,9 трлн теңгеге жетті. Елорда негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі бойынша республикада бірінші орында тұр. Биылғы төрт айда 587 млрд теңге инвестиция тартылды, оның шамамен 80%-ын жеке инвестициялар құрады. Қазіргі таңда Астанада 246 мың шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Бұл секторда шамамен 560 мың адам жұмыспен қамтылған. ШОБ-тың қала экономикасына қосқан үлесі рекордтық деңгейге – 66%-ға жетті. 2026 жылы 26 өнеркәсіптік жобаны іске қосу жоспарланған. Қазірдің өзінде құны 32 млрд теңге болатын 8 жоба пайдалануға беріліп, 500-ге жуық жұмыс орны ашылды. Сондай-ақ жыл соңына дейін құны 36 млрд теңге болатын 18 жобаны іске қосып, мыңға жуық жұмыс орнын ашу көзделіп отыр.

ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – БАСТЫ НАЗАРДА

Премьер-министрге «Technodom» көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны» АҚ заманауи логистикалық орталығында кешеннің жұмысы мен елорданың көлік және қойма инфрақұрылымын одан әрі дамыту жобасы таныстырылды. Ауданы 22 мың шаршы метрден асатын логистикалық орталық 11 мың паллеттік орынға есептелген. Мұнда жалпы аумағы 3,5 мың шаршы метрді құрайтын температуралық режимі бар үй-жайлар қарастырылған. Кәсіпорын тәулік бойы жұмыс істейді және тауарларды қабылдау мен сақтаудан бастап, оларды жинақтау және жөнелтуге дейінгі қызметтердің толық циклін қамтамасыз етеді. Орталық қойманы басқарудың автоматтандырылған жүйелерімен және тиімділікті бақылау құралдарымен жабдықталған. Бүгінде логистикалық кешен жұмыс ауқымымен 100% қамтылған. Орталықтың қызметін Wildberries, Ascona, Gold Service Logistic және басқа да компаниялар пайдаланады. Нысанда 200-ден астам жұмыс орны ашылған.

Сонымен қатар Премьер-министрге жеке инвестиция көлемі 300 млн асатын 223,1 гектар логистикалық парк жобасы таныстырылды. Әлеуетті қатысушылар арасында YXE Trading Service Group, S Sistem Lojistik Hizmetler, «Қазпошта» және Rhino Logistic компаниялары бар. Сондай-ақ Астана қаласында Wildberries Kazakhstan компаниясының ірі логистикалық хаб құрылысының барысы таныстырылды. Жалпы аумағы 160 мың шаршы метрді құрайтын жоба аясында 6 мың жұмыс орнын ашу көзделген. Нысанды пайдалануға беру 2027 жылдың I тоқсанына жоспарланған. Жобаның инвестиция көлемі – 47,7 млрд теңге.

Олжас Бектенов логистикалық инфрақұрылымды дамыту экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және Қазақстанның транзиттік әлеуетін одан әрі нығайтудың маңызды шарты екенін атап өтті. Президент жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылын ескере отырып, цифрлық шешімдерді енгізуге және процестерді автоматтандыруға ерекше назар аудару керек.

ОТАНДЫҚ ТРАНСПЛАНТОЛОГИЯҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК

«Heart Center Foundation» ҚҚ зауытында Олжас Бектенов медициналық мақсаттағы пластикалық бұйымдар өндірісінің іске қосылуымен және кәсіпорынның технологиялық жабдықталуымен танысты. Жобаның соңғы кезеңі жүзеге асырылуда. Зауыт 2026 жылдың мамыр айында пайдалануға берілген, тамызда барлық желі бойынша өнім шығару басталады, ал биылғы қыркүйек айында толық қуатына шықпақ. Жоба «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нің қолдауымен №1 Индустриялық парк аумағында жүзеге асырылып жатыр. Инвестициялардың жалпы көлемі – шамамен 5,1 млрд теңге. Кәсіпорынның негізгі өнімі – ALEM атауымен қысқартылған Astana life Ex-situ Machine жобасы. Бұл қазақстандық инженерлер мен дәрігерлердің донорлық ағзаларды сақтау, қалпына келтіру және тасымалдау үшін жасап шығарған бірегей әзірлемесі. Технология донорлық ағзаның сақталу мерзімін бірнеше сағаттан бір тәулікке дейін және одан да көп ұзартуға мүмкіндік береді, бұл отандық трансплантология үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Өндірісте отандық шикізатты – Атырау қаласындағы KPI зауытының пластикалық түйіршіктерін пайдалану жоспарлануда, бұл медициналық бұйымдар өндірісін локализациялау деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Зауыттың жобалық қуаты 15-20 бірлік ALEM жабдығын шығаруға жетеді, ол дегеніміз, жылына биоматериалды іріктеуге арналған шамамен 6 млн контейнер және 45 мың дренаждық құрылғы.

UMC қорының басқарма төрағасы Юрий Пя мұндай өндірісті іске қосу импорттық медициналық шығындауға арналған материалдарға тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретінін атап өтті. «Медицинаға арналған



базасын пайдаланады. Өнімдер елорданың сауда нүктелеріне, әлеуметтік нысандары мен желілеріне жеткізіледі.

7 ИНВЕСТ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов елорданың азық-түлік қауіпсіздігін нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. 2025-2026 жылдары Астанада сыйымдылығы 12 мың тонна болатын 2 көкөніс қоймасы және жылына 53 мың тонна өнім өңдеуге қауқарлы 3 қайта өңдеу зауыты іске қосылды. 18 мың тонна көкөніс жеткізу бойынша келісімшарттар жасалды. Алдағы екі жылда агроөнеркәсіптік кешен саласында жалпы құны 180 млрд теңгені құрайтын 7 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Нәтижесінде 1,6 мың жаңа жұмыс орны ашылады. Премьер-министр «Астана ЕТКОМ» ЖШС ет өңдеу зауытының алаңында болып, өндірістің технологиялық үдерісімен және шығарылатын өнім түрлерімен танысты.

Кәсіпорын директоры Нұрлан Айтбаев зауыт 2026 жылдың екінші тоқсанында пайдалануға берілетінін мәлімдеді. Жобалық қуаты тәулігіне 50 тоннаға дейін дайын өнімді, яғни жылына 18 мың тоннадан астам өнім шығаруға мүмкіндік береді. Шикізатты отандық өндірушілерден, соның ішінде «Айтас» АҚ, «KazBeef» ЖШС және өңірлердегі шаруа қожалықтарынан сатып алу жоспарлануда. Алғашқы кезеңде кәсіпорында 100-ге дейін жұмыс орны ашылса, толық қуатқа шыққаннан кейін бұл көрсеткіш 300-ге дейін жетеді. Кадр даярлау мақсатында кәсіпорын колледждер мен басқа да оқу орындарының студенттерін оқытуды ұйымдастырды, оларға кейіннен жұмысқа орналасу мүмкіндігі қарастырылған.

Олжас Бектенов терең өңдеу агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың негізгі бағыттарының бірі болып қала беретінін атап өтті. Президенттің тапсырмасына сәйкес Үкімет аграрлық секторды қолдауды күшейтіп, оның ішінде биологиялық қауіпсіздіктің негізі болып саналатын ветеринария саласын дамытуға, инфрақұрылымды жетілдіруге және бақылау жүйесін жаңғыртуға басымдық беріп отыр. Қазақстанның аусылдан таза ел мәртебесін алуы мал шаруашылығын дамытуға және экспорттық мүмкіндіктерді кеңейтуге қосымша жол ашады. Тұрақты шикізат базасы мен соңғы жылдардағы жоғары өнімділік бұл қайта өңдеу көлемін арттыруға, дайын өнім шығаруды көбейтуге және отандық тауарларды ішкі әрі сыртқы нарықтарға ілгерілетуге қолайлы жағдай қалыптастырады.

«Президент елордаға ерекше міндеттер жүктеп отыр: Астана әрдайым ауқымды бастамалардың алдыңғы шебінде болып, барлық өңірлерге үлгі болуы тиіс. Елорда инфрақұрылым, өнеркәсіп, логистика, цифрлық шешімдер және әлеуметтік сала бағыттарында дамудың жоғары қарқынын қалыптастыруы қажет. Әрбір жоба қаланың экономикасын нығайтып, жұмыс орындарын ашып, азаматтардың өмір сүру сапасын арттырып, бизнес үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашуы маңызды. Сондықтан әкімдік пен салалық министрліктердің міндеті – жобаларды сүйемелдеуді қамтамасыз ету, кәсіпорындарды уақтылы іске қосу және өндірістердің тұрақты жүктелуіне жағдай жасау» деп атап өтті Олжас Бектенов.

ӨНДІРІСТІК ҚУАТТАР ҚАЛАЙ ҰЛҒАЯДЫ?

«RnR Group» ЖШС-нің нан-тоқаш және сүт өнімдерін шығару зауыттарында Олжас Бектенов кәсіпорындардың өндірістік қуаттарын және жұмысты ұйымдастыру жағдайларын қарап шықты. Премьер-министрге қайта өңдеуді дамытуға, отандық азық-түлік өнімдерін шығаруды кеңейтуге және елорданың азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға жалпы құны 8,8 млрд теңге болатын жобалар бағытталғаны баяндалды. Өндірістердің қуаттылығы – тәулігіне 25 тоннаға дейін ұн өнімдері және 100 тоннаға дейін сүт өнімдері. Кәсіпорындар жергілікті шикізат

№67 (4965) 09/06/2026 Сейсенбі



ҚАЛА БЮДЖЕТІ НАҚТЫЛАНДЫ

Астананың 2026 жылға нақтыланған жергілікті бюджетінің жалпы шығысы 1 трлн 483 млрд теңгені құрайды. Бұл туралы қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Айжан Түгелбаева мәслихаттың кезектен тыс сессиясында мәлім етті.

Баяндамашының айтуынша, бюджетті нақтылау қаланың өз табысының өсуіне байланысты болып отыр.

– Астана қарқынды түрде дамып келеді. Экономикалық өсімінің орташа қарқыны 10% деңгейінде. Халық саны орта есеппен 7,5%-ға өсіп отыр. Құрылыс жұмыстарының қарқыны 8,2%-ға, көлік және логистика саласындағы белсенділік 30%-ға артты. Сауда көлемі 3%-ға өсті, – деді мекеме басшысы.

Оның айтуынша, жыл басынан бері субсидияланатын қоғамдық көлік бағыттарының саны 110-ға дейін артқан, ал жолаушылар ағыны 12%-ға өскен. Жол инфрақұрылымы бойынша 30 шақырым жол жөнделіп, тағы 7,6 шақырым жол салынып жатыр.

Жылу энергетикасы және коммуналдық шаруашылық саласында қуаттылықты арттыруға бағытталған жобалар жүзеге асырылуда. Олар жылу энергиясын өндіру қуатын сағатына 1000 гигакалорияға, ал электр энергиясын 423 мегавольт-амперге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

– Қала көркін жақсартуға қосымша 18,3 млрд теңге бөлінеді. Бұл қаржы аулаларды жөндеуге, көгалдандыруға, санитарлық тазалыққа және LRT станциялары мен шеткі аудандарды абаттандыруға жұмсалады, – деді ол.

Айжан Түгелбаева атап өткендей, қосымша шығыстар қаланың жедел қажеттіліктерін, стратегиялық даму міндеттерін, Мемлекет басшысы мен Үкіметтің тапсырмаларын, сондай-ақ мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып жасалған.

«ЭКОLAB» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы мен «Жаңа аймақ» жобасы аясында №61 «Шолпан» балабақшасында ерекше «ЭкоLab» жобасы іске қосылды. Жобаның басты жаңалығы – бүлдіршіндерге экологиялық тәрбие беруге арналған заманауи жылыжайдың ашылуы.



Бұл жылыжай – жай ғана өсімдік өсіретін орын емес, балалардың табиғат құпияларын өз қолымен танып-білетін нағыз жасыл зертхана. Мұнда бүлдіршіндер күнделікті өсімдіктердің өсуін бақылап, оларға күтім жасауды, суаруды және топырақты баптауды үйренуде. Осылайша, балабақша қабырғасынан бастап еңбекқорлық пен экологиялық мәдениеттің іргетасы қалануда.

«Жылыжай – осы жобаның жүрегі. Балалар мұнда дәнді сепкеннен бастап, алғашқы өскіннің шыққанына дейін өз көздерімен көреді. Бұл олардың бойында табиғатқа деген жанашырлықты, жауапкершілікті оятады. Жер ананы аялау бала кезден басталуы тиіс» дейді балабақша меңгерушісі Әйгерім Ахмет.

ӨЗІҢНЕН БАСТА!

Триатлон паркінде, «Арқар» көпірінің астында «Өзіңнен баста» әлеуметтік-спорттық жобасының салтанатты ашылуы өтті.



«Өзіңнен баста» – елорда тұрғындарына арналған тегін әлеумет-спорт жобасы. Оның негізгі мақсаты – халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту және жастарды белсенді өмір салтына ынталандыру. Жоба ұйымдастырушысы, ММА бойынша әлем чемпионы Василий Тахтай қатысушыларды белсенді өмір салтын ұстануға шақырды.

– Өзіңді өзгертуге деген талпыныс пен ниет әрқашан өзіңнен басталады. Деніміз сау, рухымыз мықты болса, еліміз де қуатты болады. Баршаңызды белсенді өмір салтын ұстануға шақырамын, – деді Василий Тахтай.

Мерекелік бағдарлама барысында әнші Максим Ержан «Армандастар, құрдастар» әнін орындаса, «Zazan» ансамблі би қойылымын ұсынып, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Сондай-ақ қатысушылар үшін ойындар ұйымдастырылып, белсенділік танытқандарға сыйлықтар табысталды.

Жанерке САЙРАНБАЙҚЫЗЫ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

ОТАНШЫЛДЫҚ ДӘРІПТЕЛДІ

Балалар лагерінде қоршаған ортаны қорғауға және табиғатқа деген құрметті қалыптастыру мақсатында экологиялық іс-шара ұйымдастырылды.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Бұл жолғы іс-шара Әскери-спорттық лагерінде өткізілді. Оған әскери сала өкілдері, мұғалімдер, балалар қатысты.

Басты мақсат – жасөспірімдерді отаншылдық патриоттық бағытқа тәрбиелеу. Сонымен қатар өскелең ұрпақты алғашқы әскери дайындыққа баулып, отансүйгіштік сезімдерін арттыру болып саналады.

Аталған патриоттық шараның мән-маңызы туралы Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығының директоры Ғинаят Сыздықов ой-пікір білдірді.

– Бұл шара Мичурин алқабындағы Әскери-патриоттық орталығында өтті. 1 маусымнан бастап осындай лагерь ашылды. Әр аудан мектептерін бөліп қарастырамыз. Осы жолы – Нұра ауданының кезекті кезегі келді. Патриоттық шараға алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдері, балалар атсалысты. Әртүрлі санаттағы отбасының балалары, кез келген бала келіп қатыса алады. Бұл лагерьде саптық дайындықтар, автоматты бұзып әрі оны жинау, газға қарсы бетперде кию және т.б. спорттық сайыстар ұйымдастырылды. Арасынан ең үздік құрама, ең мықты анықталады. Мұндай іс-шаралар патриоттық тағылым мен тәрбиеге өз септігін тигізеді, – деді ол.

Сонымен қатар, Астана қаласы Білім басқармасының алғашқы әскери дайындық пәнінің әдіскері Қайрат Нұрахметұлы да ой бөлісті.

– Белгіленген тізім бойынша Нұра ауданының мектептері «Айбынды маусым» жазғы лагері өткізілді. Бұл іс-шара арқылы балаларды Отан қорғауға үйрету, туған елге-жерге деген сүйіспеншілікті арттыру көзделді. Күннің ыстық-суығына қарамай Отанды қорғау әрқашан маңызды. Міне, осындай игі қасиеттерді балалардың бойына дарыту, төзімділікке үйрету, отаншылдық рухты көтеру мақсат етіледі, – деді әдіскер.



ҰЛАНДЫҚТАР «ТАРЛАНДА» ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Ұлттық ұланның әскери қызметшілері «Тарлан-Астана» стансаларында қоғамдық тәртіпті қадағалауға, қауіпсіздік ережелерінің сақталуына, жолаушылар қозғалысын реттеуге көмектесетін болды.

Бұл астаналықтардың жаңа көлік қызметіне сұраныстың артуына байланысты туындап отыр. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін сарбаздар стансалардың ішінде ғана емес, іргелес аумақтарда да қызмет атқарады.

Негізгі міндет – елорда тұрғындары мен қонақтары үшін қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ қоғамдық құқықбұзушылықтардың алдын алу. Қазіргі таңда қызмет 17 станцияда екі ауысымдық режиммен жүргізілуде.

ЕЛОРДА БАЗАРЛАРЫНДА БАҒА ТҰРАҚТЫ

Кеше Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев Астанадағы ірі сауда нысандарын аралады. Атап айтқанда, «Алаш» және «Шарын» көтерме сауда базарларына, көкөніс қоймаларына және «Керуен жолы» базарындағы демалыс күндері ұйымдастырылатын жәрмеңкеге барды.

Сапар барысында министр ірі көтерме жеткізушілермен, кәсіпкерлермен және базар әкімшіліктерімен кездесті. Кездесуде сауда инфрақұрылымын дамыту, кедендік рәсімдерден өту, фитосанитариялық бақылауды жетілдіру және азық-түлік өнімдерінің үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Министрдің айтуынша, қазіргі уақытта елордадағы баға тұрақты. Сонымен қатар жаз мезгілінде министрлік инфляциялық қысымды одан әрі төмендету және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу жұмыстары жалғасады.

№67 (4965) 09/06/2026 Сейсенбі





КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы мәслихатында Табиғат Зейнұлқабденнің төрағалығымен «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ қызметі туралы есепті қарауға арналған отырыс өтті.

Отырыс барысында корпорация басқармасының төрағасы Бауыржан Баймұқаш 2023-2025 жылдардағы қызмет қорытындылары, қаржылық-экономикалық көрсеткіштер, инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижелері және негізгі тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат ұсынды. Сондай-ақ активтерді басқару, инвестициялық бастамаларды жүзеге асыру және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі шаралар туралы мәліметтер берілді.

Елорда экономикасына инвестиция тарту, инвестициялық жобаларды сүйемелдеу және әлеуетті инвесторлармен өзара іс-қимыл мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың тиімді құралдарының бірі ретінде шағын өнеркәсіптік аймақтарды құру және дамыту, бизнесті өндірістік алаңдармен қамтамасыз ету және жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелері қаралды.

Талқылау қорытындысы бойынша корпорацияның 2026 жылға арналған негізгі қызмет бағыттары айқындалды. Олардың қатарында инвестициялар тартуды жалғастыру, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру, өнеркәсіптік инфрақұрылымды дамыту, активтерді басқару тиімділігін арттыру және белгіленген қызмет көрсеткіштеріне қол жеткізу бар.

Отырыс барысында депутаттар әлеуметтік маңызы бар нысандар ретінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын салу жобаларын іске асыру тәжірибесін зерделеу және тарату қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың ғимараттарға деген қажеттілігіне талдау жүргізіп, бос алаңдардың санын және жалға берілген үй-жайлардың көлемін анықтау ұсынылды.

Оң тәжірибе ретінде «Astana Mall» сауда үйіне іргелес аумақты абаттандыру жұмыстары аталып өтті. Жүргізілген іс-шаралар аясында автотұрақ орындарын алып тұрған павильондар демонтаждалып, бұл аумақты тиімді пайдалануды реттеуге және келушілер үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берді.

Депутаттар проблемалық мәселелерді жедел қарау және шешу, әлеуметтік маңызы бар қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға берілген үй-жайларды пайдалану жағдайын талдау, сондай-ақ олардың тиімділігін бағалау мақсатында жұмыс тобын құру туралы ұсыныс енгізді.

Коммерциялық емес ұйымдарға арналған коворкинг-орталық құру мәселесіне де ерекше назар аударылды. Бұл үй-жайларды пайдалануды оңтайландыруға және ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды орналастыру үшін қосымша алаңдар бөлуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі 31 атауға дейін кеңейтілуіне байланысты депутаттар бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету және бюджетті нақтылау кезінде қосымша мәселелердің туындауына жол бермеу үшін қабылданып жатқан шараларға қызығушылық танытты. Сонымен қатар кәсіпорынның қызметімен танысу мақсатында «Родина» өндірістік кооперативіне баруды ұйымдастыру ұсынылды.

Айтылған барлық ұсыныстар мен ескертулер назарға алынып, алдағы жұмыс барысында қаралатын болады.

ТЕГІН ОҚЫП, ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСАДЫ

Астана қаласының Мансап орталығы елорда тұрғындарына жаңа мамандықты тегін меңгеріп, кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігін ұсынып отыр.

Қала әкімдігінің ресми сайты хабарлағанындай, қазіргі уақытта елордада еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін оқуға қабылдау жүргізілуде. Оқуын аяқтағаннан кейін қатысушыларға жұмысқа орналасу мүмкіндігі жасалады.

Оқыту мына мамандықтар бойынша өтеді:

• Аспаз – тағам дайындау және санитарлық талаптарды сақтау;

• Маркетолог – өнімді ілгерілету, жарнама және нарықты талдау;

• Тәрбиеші көмекшісі – балаларға күтім жасау, оларды дамыту және педагогке қолдау көрсету;

• Флорист-декоратор – гүл шоқтарын құрастыру және іс-шараларды безендіру;

• Шахмат жаттықтырушысы – шахмат ойынын үйрету және логикалық ойлауды дамыту;

• Әкімші – жұмыс процесін ұйымдастыру және құжаттаманы жүргізу.

Оқу кезеңінде қатысушыларға ай сайын 86 500 теңге көлемінде жалақы төленеді. Оқыту жұмыс берушінің базасында 2-3 ай бойы жүргізіледі.

Толық ақпаратты Мансап орталығынан алуға болады.

Мекенжайы:
Бейбітшілік көшесі, 9, 145-кабинет.
Байланыс телефондары: 24-96-27, 8 700 956 98 31.



ІЗГІ ІСТЕРДІҢ ОРТАЛЫҒЫ

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Астана қаласы Нұра ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы №6 және №8 бөлімшелерінде оңалту кезеңінде жүрген қызмет алушыларға мерекелік сыйлықтар табысталған болатын.



Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Астана қаласы әкімдігінің «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы 640 психоневрологиялық патологиясы бар, мүгедектігі бар балаларға, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға және психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер және ұйқысыз және тамақтанусыз 4 сағатқа дейін жартылай стационар жағдайында оңалту қызметтерін көрсетеді.

Іс-шараның мақсаты – қызмет алушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, оларға әлеуметтік және рухани қолдау көрсету. Сыйлықтар табыстау барысында қатысушыларға ізгі тілектер мен жылы лебіздер білдірілді.

Астана қаласы әкімдігінің Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы Нұра ауданы бойынша филиалының үйлестірушісі Ләззат Өтеғұл ой-пікірімен бөлісті.

– 2019 жылдан бері «Күміс волонтер» болып істеп келеміз. Қатарымызда 100-ге тарта «Күміс волонтер» бар. Бұл орталыққа «Жаңа жыл», «Балалар күні» сияқты т.б. мерекелерде келіп құттықтап, мейірім сыйлау заңдылыққа айналды. Біздің мақсат – ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру. Қайырымдылықтан басқа, табиғатты сүюге, тарихты білуге атсалысып келеміз. Қоғамдық орталарда, жастарға ата-бабаларымыздан келе жатқан адамдарға жақсылық жасау жайын айтып, ұрпақтар сабақтастығын сақтауды көздейміз. Өйткені ұлттық құндылық бәрінен маңызды. Біздіңше, ата-әжелеріміз қайырымдылық жасауға ынталы. Сол себепті де демеушілер іздеп, балаларға әртүрлі сыйлықтар әкеліп, қуантып, мәз-мейрам етуге тырысамыз, – деді Ләззат Дүйсебайқызы.

«Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы – мүмкіндігі шектеулі балалар мен жеткіншектерге кешенді медициналық-педагогикалық оңалту көмегін көрсетіп, олардың қоғамға бейімделуіне, қанат қағып, дамуына жан-жақты жағдай жасап отырған алтын ұя, мейірімділік пен үміт мекені.

«Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының 8-бөлім меңгерушісі Айгүл Бейсенова өз ойын ортаға салды.

– Бөлінген күнтізбе бойынша екі бөлімшеден іс-шаралар өткізеді. Бұл жолы 6-8 бөлімше біріктік. Әр жолы спикерлер, қонақтарымыз келіп тұрады. Бұл жолы – «Күміс волонтерлеріміз» келіп қатысты. Негізінен, олар ұдайы келіп, өз сыйлықтарын беріп, белсенді қатынасады.

> «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы – мүмкіндігі шектеулі балалар мен жеткіншектерге кешенді медициналық-педагогикалық оңалту көмегін көрсетіп, олардың қоғамға бейімделуіне, қанат қағып, дамуына жан-жақты жағдай жасап отырған алтын ұя, мейірімділік пен үміт мекені

Осылайша балаларды қуантып, ем-шараларын жасап жүрген жағдайымыз бар, – деді ол.

Сондай-ақ аталған орталық күнделікті тыныс-тіршілігімен таныстырды. Өйткені көпшілік мұндайды қайырымдылық мекендерін бірі білсе, бірі білмейді. Ал атқарылып жатқан игі істер ұшан-теңіз.

– Негізі бізде әртүрлі бағытта мамандарымыз бар. Дәлірек айтқанда, логопед, массажист, психолог, музыка терапевт білікті мамандарымыз жұмыс істейді. Сонымен қатар, ата-аналарға да іс-шаралар ұйымдастырылады. Арнайы психолог келеді. Мерекелік концерт ұйымдастырамыз. Шеберлік сағаттары да өтеді. Сан алуан мәдени шаралар өтеді. Біздер қоғамға өз үлесімізді қосып, мейірім шуақты көбейтіп, ізгі істерге септігімізді тигізуді көздейміз, – деп түйді Айгүл Бейсенова.

Нақтырақ айта кетейік, бұл орталықта 8 бөлімше бар. Медициналық көмек бойынша, емдік дене шынықтыру, массаж, физиотерапия, тұз шахтасы, сенсорлық бөлме және сумен емдеу (гидротерапия) процедуралары жасалады. Педагогикалық көмек бойынша, логопед, дефектолог және эрготерапевт мамандары балалардың сөйлеу тілін, ойлау қабілетін және ұсақ моторикасын дамытады. Психологиялық көмек бойынша, психологтар балалармен де, олардың ата-аналарымен де жұмыс істеп, эмоционалды қолдау көрсетеді, тренингтер өткізеді. Әлеуметтік-тұрмыстық көмек бойынша, ерекше жандарды өз-өзіне қызмет етуге (киіну, тамақтану, гигиена сақтау) және ортаға бейімделуге үйретеді. Еңбек және шығармашылық бағыт бойынша, қолөнер, сурет салу, қыш құю (гончарное дело) және тігін үйірмелері арқылы кәсіби дағдыларды қалыптастырады. Мәдени және спорттық көмек бойынша, концерттер, мерекелік іс-шаралар, театрларға бару ұйымдастырылады және арнайы спорттық жарыстар өткізіледі. Заңгерлік кеңес бойынша, мүгедектігі бар жандар мен олардың отбасыларына тиесілі жәрдемақылар, құқықтар мен жеңілдіктер бойынша тегін заңгер көмегі беріледі.

Түйіндей келе, бұл орталық әр балаға мейірім шуағын төгіп келеді. Балалардың ата-аналарымен де, белсенді жұмыстар жүргізіледі екен. Міне, осындай игі іске мұрындық болушылар қатары көбейсе, жомарт жандар көбейсе, қоғам ешнәрседен кенде болмайты анық.





АСТАНАДА ҚАНДАЙ АҒАШТАР ӨСЕДІ?

Бүгінде Астана өте жылдам өсіп, қарқынды құрылыспен бірге көлемі де ұлғаюда. Алайда бұл қала инфрақұрылымын дамытумен қатар, көгалдандыру жайын өзекті ете түседі. Себебі суару жүйесі құрылыспен бірге бір мезгілде тартылмайды. Оған қоса, жаңа тұрғын үйлердің айналасындағы топырақ құрылыс қоқысымен ластануда, сондықтан әр көшетті тамыр жайғызу үлкен еңбекті талап етеді. Елорданы жасыл қалаға айналдырудағы өзге де мәселелер туралы «Астана Зеленстрой» ЖШС бас агрономы Бауыржан ДАЛХАНОВПЕН сұхбатта баяндадық.

– Бауыржан Шәріпұлы, дамыған елдердің Қазақстандағы елшілерімен сұхбат жүргізгенде олар «елордадағы ең басты мәселе не?» деген сұраққа бірден ағаштардың аздығын, құрылысты емес, саябақтарды көбейту керек екенін айтады. Расымен, топырағы құнарлы бола тұра, неге Астанада ағаш аз?

– Басты мақсат – ағаштардың санын көбейту ғана емес, климатқа төзімді, ұзақ өмір сүретін, сапалы жасыл орта қалыптастыру. Астананың топырағы көбіне сортаң және ауыр сазды болып келеді, сонымен қатар жерасты суларының минералдылығы жоғары, яғни тұз мөлшері көп. Мұндай жағдайда ағаштардың табиғи жолмен өсуі өте қиын. Ағаш отырғызу барысында топырақ толық немесе ішінара ауыстырылады, құнарлы субстрат енгізіледі, дренаж, суару және арнайы агротехника шаралары қолданылады. Сондықтан елордадағы әрбір ағаш тұрақты күтімді қажет етеді: суару, тыңайтқыш енгізу, зиянкестерге қарсы өңдеу, санитарлық кесу, топырақты қопсыту және өсімдікті климаттық стресс факторларынан қорғау жұмысы үздіксіз жүргізілуі тиіс.

– Ағаштардың қалың болып өспеуіне қысы қатты, суық маусымы ұзақ болуы кедергі ме?

– Иә, Астанада ағаштардың белсенді өсу кезеңі небәрі 4-5 айға ғана созылады. Ал қыс мезгілінде топырақтың терең қатуы тамыр жүйесінің қалыпты дамуын қиындатады. Ең қауіпті фактордың бірі – қыстағы аязды әрі құрғақ жел. Олар ағаш бойындағы ылғалды буландырып, өсімдікті сусыздануға ұшыратады. Сондықтан елорда жағдайында көгалдандыру жұмысы кезінде кез келген ағаш түрі емес, тек осы климатқа бейімделген, арнайы іріктелген, аязға, желге және құрғақшылыққа жоғары төзімді түрлер ғана пайдаланылады. Мұндай тәсіл өсімдіктердің өміршеңдігін арттырып, олардың қалалық ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді.

– Былтыр қалада қанша ағаш отырғызылды, қандай жұмыс жүргізілді? Биылғы жоспар қандай?

– Өткен жылы «Астана-Зеленстрой» ЖШС қала аумағында 247599 дана ағаштар мен бұталар және көпжылдық сәндік бұталар көшетін отырғызды. Сонымен қатар жасыл екпелерді күтіп-баптау, суару жүйелерін жаңарту және саябақтар мен жасыл белдеулерді абаттандыру жұмысы жүргізілді. Биыл да осы көлемде отырғызу жоспарланып отыр.

– Астананың қатал континенттік климатына қай ағаш түрлері ең төзімді?

– Ең төзімді қайың, Сібір қарағайы, Сібір шыршасы, балқарағай және үйеңкі сияқты ағаштар Астананың қатал континенттік климатына жақсы бейімделеді. -35°C аязға және жазғы ыстыққа төзімді ағаштар: қарағай, балқарағай, қайың, үйеңкі, т. б. Бұлар температураның қатты ауытқуына шыдамды. Қатты желге төзімді түрлері: қарағаштың (Сібір қарағашы) желге төзімді түрлері, қайың және терек. Олардың тамыры мықты болғандықтан, желге тосқауыл ретінде де қолданылады. Құрғақшылыққа шыдамды ағаштар: Сібір қарағашы, жыңғыл, сондай-ақ жыңғыл тәрізді бұталар мен кейбір терек түрлері. Ерте көктемгі үсікке төзімді түрлері: балқарағай мен қайың бүршігі кеш ашылатындықтан, көктемгі үсікке аз ұшырайды. Жалпы Астана үшін ең тиімдісі – жергілікті және Сібір аймағына тән ағаш түрлері, өйткені олар суыққа, желге және құрғақшылыққа бірдей бейімделген.

– Жергілікті (native) ағаш түрлерін отырғызған дұрыс па? Қай ағаштар Астанада тарихи түрде жақсы өсіп келеді?

– Жақсы өсетін ағаштар – қарағаш, жиде, шаған, қарағай, терек және кейбір қайың түрлері қала жағдайында салыстырмалы түрде тұрақты өседі. Тез өсетін, бірақ қысқа өмір сүретін түрлері – терек, тал және кейбір гибрид түрлері, алайда өмір сүру ұзақтығы шектеулі болуы мүмкін. Ұзақмерзімді, күтімі аз ағаштар – қарағаш, жиде, қарағай, татар үйеңкісі және кейбір шаған түрлері ұзақ өмір сүріп, салыстырмалы түрде аз күтімді талап етеді. Қылқан жапырақты және жапырақты ағаштардың да артықшылығы бар. Қылқан жапырақтылар жыл бойы жасыл күйде болады және қорғаушы белдеу ретінде тиімді, ал жапырақты ағаштар жазда көлеңке беріп, қаланың микроклиматын жақсартады. Қолдану аймағы бойынша ұсыныстар: көшелерде шаң мен газға төзімді түрлері – қарағаш, шаған, үйеңкі. Саябақтарда қылқан жапырақтылар мен аралас топтарға жататынын, ал аулаларда орта және төмен бойлы, тамыры аз таралатын сәндік түрлерін өсірген жөн.

– Қайсысының тамыр жүйесі тротуарға зиян келтіруі мүмкін? Қай ағаштар аллергияны күшейтеді?

– Астананың климаты қатал болғандықтан, аязға, желге және тұзды топыраққа төзімді ағаштар таңдалады. Қарағаш, жиде, шаған, қарағай мен тал жақсы бейімделген. Терек пен кейбір үйеңкі түрлерінің тамыры тротуарды бұлдіруі мүмкін, ал қайың мен терек аллергияны күшейтеді. Ауаны жақсы тазартатындар – жөке, қарағаш және қылқан жапырақтылар. Жас көшеттерге алғашқы жылдары тұрақты суару қажет, сондықтан тамшылатып суару жүйесі тиімді. Дұрыс күтім болса, көшеттердің жерсіну көрсеткіші 85-90 %-ға жетеді.

– Ағаштарды желден қорғау үшін қандай схема тиімді? Ғимараттар арасындағы «жел дәлізін» азайтуға қай ағаштар көмектеседі?

– Желден қорғау үшін ағаштар бірнеше қатармен және бұталармен бірге отырғызылады. Қаланың «жел дәлізін» азайтуда тығыз жапырақты қарағаш, жөке және қылқан жапырақтылар тиімді. Жол бойында газ бен шаңға төзімді ағаштар пайдаланылады. Қысқы тұзға ең төзімділері – жиде, қарағаш және талдың кейбір түрлері. Құстар мен жәндіктер үшін шетен, долана және жиде пайдалы.

– Бір ағаштың толық күтіміне қанша уақыт жұмсалады?

– Бір ағашты отырғызу мен бірнеше жыл күтіп-баптау айтарлықтай шығынды талап етеді. Ең тиімді көшет жасы – 3-7 жыл. Жергілікті тұқымбақтардың көшеттері импорттық ағаштарға қарағанда климатқа төзімді әрі жерсіну пайызы жоғары.

– Елордада бұрын отырғызылып, бірақ сәтсіз болған ағаш түрлері қандай?

– «Астана-Зеленстрой» ЖШС-те көлемі 349 гектар тұқымбақ бар, ол қаладан шамамен 40 шақырым жерде орналасқан. Тұқымбақта 40-тан астан ағаш түрі өседі. Сол себепті ағаш түрлері тұқымбақта әбден жергілікті климатқа бейімделген. Қазір климаттың өзгеруіне байланысты құрғақшылыққа, ыстыққа төзімді ағаштарға және әсемділікке басымдық беріліп жатыр.

– Ағаш отырғызу жұмысын бәсекелес ортаға беру қаншалықты тиімді?

– Ағаш отырғызуды бәсекелес ортаға беру тиімді, бірақ мердігерлер тек отырғызуға емес, ағаштың кемінде 2-3 жыл толық күтіміне де жауап беруі керек. Егер көшеттер қураса, компания оларды өз есебінен қайта отырғызуы тиіс.

Сұхбаттасқан
Райхан РАХМЕТОВА



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛАДЫ

Елордада 4,1 млн-ға жуық жасыл желек, ал орман-саябақ аймағында 14,6 млн-ға жуық жасыл желек өседі. 2022 жылы Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы жасыл желектерді түгендеу және орман-патология тексеруі бойынша жұмыс жүргізді.

Зерттеу нәтижесі бойынша ағаш-бұта өсімдіктерінің жалпы саны – 1459000 дана, бұтамен қоршалған жерлердің ұзындығы – 212944,45 қума метр, гүлзарлар ауданы – 198969,53 шаршы метр, көгалдар ауданы – 19868704,47 шаршы метр. Түр құрамы жағынан ағаштар 158 түрден тұрады, олардың 135 түрі (85%) қатты ағаштарға, ал 23 түрі (15%) қылқан жапырақты өсімдіктерге жатады.

Елорда аумағында көп кездесетін ағаш түрлері – ұсақ жапырақты қарағаш, кең жапырақты қарағаш, үйеңкі, тал, терек, қайың, алма және қарағай. 2024 жылы басқарма «ITS-INC» ЖШС-пен шарт жасасты, онда «Астананың жасыл желектер тізілімі» www.e-dendra.kz жаңа порталы әзірленді. Қазіргі уақытта 2022 жылдан бастап отырғызылған жасыл желектерді дерекқорға енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Астана қаласында өткен жылдары отырғызылған ағаштар қатарында Қазақстанның Қызыл кітабына енген ағаш өсімдіктерінің жекелеген түрлері де бар. Елорда аумағында өсетін ең танымал және Қызыл кітапқа енген ағаш түрі – алма ағашының мәдени сортының генетикалық көзі ретінде ерекше құнды Сиверс алма ағашы. Сонымен қоса Ботаникалық бақта да табиғатты қорғау, ғылыми және мәдени маңызы бар түрлерді қамтитын сирек кездесетін ағаш-бұта өсімдіктерінің жинағы қалыптасты.



ЖАСТАР ТАЗАЛЫҚТЫ СҮЙЕДІ

Астана қаласы Алматы ауданының әкімдігі мен «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бастамасымен кезекті тазалық жұмысы жүргізілді. Қолға алынған іс-шара Махтұмқұлы көшесі бойында өтіп, оған белсенді жастар мен еріктілер қатысты.

Тазалық барысында қатысушылар көшелер мен қоғамдық аумақтарды қоқыстан тазартып, қоршаған ортаның тазалығын сақтауға өз үлесін қосты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай бастаманың басты мақсаты – қаланың санитарлық жағдайын жақсарту ғана емес, тұрғындар арасында экология мәдениетін қалыптастырып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды дәріптеу.

– «Таза Қазақстан» экология бастамасы аясында «Астана жастары» ұйымы Астана қаласы Алматы ауданы әкімдігімен бірлесіп, сенбілік өткізіп жатыр. Негізгі мақсат – елордамыздың тазалығын сақтауға үлес қосу және тұрғындар арасында қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру. Қаланың тазалығы – әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Осы арқылы астаналықтарды шаһарымызды таза ұстауға үндегіміз келеді. Сонымен қатар еріктілердің белсенділігін арттыру үшін тазалық жұмысын түрлі ойынмен және танымдық әдістермен ұштастырып, сенбілікті ерекше форматта ұйымдастырдық, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы жастармен тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы Сұлтан Өмірғалиев.

Сенбілікке қатысқан жастар мұндай жұмыстардың қоғам үшін маңызы зор екенін атап өтті. Олардың пікірінше, қаланың тазалығы әр тұрғынның мәдениеті мен жауапкершілігінен басталады.

– «Astana jastary» волонтерлік ұйымының қатарына қосылғаныма бір жылға жуық уақыт болды. Осы аралықта түрлі экологиялық және қоғамдық іс-шараға белсенді қатысып келемін. Бұл жолғы сенбілікке де жазғы демалысымызды пайдалы өткізіп, қаламыздың тазалығына үлесімізді қосу үшін келдік. Шашылған қоқысты жинап қана қоймай, қоршаған ортаға ұқыпты қараудың маңызын насихаттауға тырысамыз. Астананың тазалығы – тек коммуналдық қызметтің емес, әрбір тұрғынның ортақ жауапкершілігі. Сондықтан әр азамат қоршаған ортаны таза ұстап, қоқыс тастамауды әдетке айналдыруы қажет деп ойлаймын, – дейді «Astana jastary» волонтерлік ұйымының мүшесі Әбілмансұр Әмірхан.

№67 (4965) 09/06/2026 Сейсенбі

Мектеп дәлізіндегі мазақ, әлеуметтік желідегі қорлау, сыныптағы әжуалау көпшілік үшін жай ғана әзіл болып көрінуі мүмкін. Алайда сол «әзілдің» арғы жағында үнсіз жылап жүрген бала, қоғамнан оқшауланған жасөспірім, тіпті өмірден түңілген тағдыр тұруы ықтимал. Бүгінде буллинг жеке адамның емес, тұтас қоғамның дертіне айналды. Ең қауіптісі, зорлықтың бұл түрі көбіне көз алдымызда болып жатса да, оған көп жағдайда ешкім араласпайды. Сонда мұндай қатыгездікті қашанға дейін «балалықтың әдеті» деп ақтай береміз?



БУЛЛИНГ: ӘЗІЛ МЕ, ӘЛДЕ ЗОРЛЫҚ ПА?

ЮНЕСКО-ның мектептердегі зорлық-зомбылық пен құдалауға, соның ішінде кибербуллингке қарсы халықаралық күн қарсаңында жариялаған есебіне үңілейік. Аталған ұйымның бұрынғы бас директоры Одрэ Азуленің айтуынша, ЮНЕСКО-ның соңғы жылдардағы бағалауы буллингтің жай ғана мектеп ішіндегі келеңсіздік емес, жаһандық білім жүйесінің терең дағдарысы екенін айқын көрсетеді: әрбір үш оқушының біреуі (шамамен 30-33%) мектеп қабырғасында кемсітудің, қорлаудың немесе қысымның құрбаны болады. Бұл – білім беру кеңістігінің қауіпсіз орта болудан қалып бара жатқанын білдіретін дабыл. Қазақстандағы жағдай да осыған ұқсас. Елде мектеп мектеп жасындағы балалардың 10-нан бірінен астамы (13%-дан жоғары) айына кемінде бір рет кибербуллинке ұшырайды екен (ақпарат Unesco Org сайтынан алынды). Ал шамамен әрбір бесінші оқушы мектепте кем дегенде бір рет буллингке тап болғанын айтыпты. Бұл сандар – жай статистика емес, үнсіз қалып бара жатқан балалық шақтың шынайы айғағы. Яғни көп бала жәбір көріп қана қоймай, зорлықтың «үнсіз көрерменіне» айналған. Буллингтің ең үлкен «күші» – үнсіздікте. Бір бала қорланған сәтте үндемеген сынып, араласпаған мұғалім, елемеген қоғам – барлығы сол зорлықтың жалғасуына жол ашып береді. Үндемеу – бейтараптық емес, қатыгездікті үнсіз қолдау. Біреудің көз жасы қалыпты нәрсеге айналған жерде әділет те, адамдық та біртіндеп жоғалады. Сондықтан буллингпен күрес «сөз» үшін емес, «позиция» үшін болуы керек: қорлау – қалыпты емес, ал үнсіз қалу – бейтараптық емес. Осы ойды біздің қоғамның пікірі де растайды.

Астана қаласының тұрғыны Әсемгүл Жазбаева буллингтің тамыры терең жатқанын айтады.

– Жасым 50-ден асты. Біз мектепте оқыған кезде Қазақстан КСРО құрамында болды. Сол уақытта өзге ұлттың үстемдігі басым еді, қазақ балаларын түріне, тіліне қарап кемсітетін жағдайлар жиі кездесетін. Бүгінде КСРО құрамынан шығып, тәуелсіз ел болдық. Алайда буллинг мәселесі әлі де жойылған жоқ. Ең өкініштісі, бүгінде қазақтың қазақты қорлап, бір-бірінің жүрегіне жара салатын жағдайы аз емес. Сондықтан бұл мәселеге қоғам болып назар аударуымыз керек, – дейді ол.

Ал психолог-мамандар мен медиа өкілдері буллингтің түпкі себебі тек ортада емес, тәрбиеде де жатқанына назар аударады. Қосшы қаласындағы мектеп-гимназияның әкелер кеңесінің төрағасы, ақын Қабиден Қуанышбайұлы бұл туралы былай дейді:

– Мен баланы тек ата-ана емес, қоғам да тәрбиелейді деп есептеймін. Адам ешқашан ата-анасын қасына ертіп жүрмейді. Ертең есейгенде ол қоғаммен бетпе-бет келеді, түрлі әділетсіздікке де, қиындыққа да тап болуы мүмкін. Сондықтан баланы өмірге төзімді, жауапкершілігі бар тұлға етіп тәрбиелеу маңызды.

Демек буллинг – тек мектептегі тәртіп бұзушылық емес, тарихи тәжірибе, қазіргі әлеуметтік мінез және қоғамның үнсіздігі тоғысқан күрделі құбылыс. Оның шешімі де біржақты емес: ол – отбасыдан басталып, мектепте жалғасып, қоғамда бекітілуі тиіс ортақ жауапкершілік. Ал психологиялық тұрғыдан алғанда, буллинг – әлсіздіктің емес, ішкі күйреудің көрінісі. Мұнда агрессия, қызғаныш, өзін дәлелдеудің бұрмаланған түрі және эмпатияның жетіспеуі негізгі рөл атқарады. Әлсізді таптау арқылы «күшті» болуға ұмтылу – шынайы күш емес, ішкі дағдарыстың сыртқа шыққан көрінісі. Ең ашы шындық – буллинг тек бір баланың тағдырына ғана емес, бүкіл ортаның психологиялық ахуалына әсер етеді. Психотерапевт Айнаш Ералықызы буллингтің артында екі бірдей зардап шегуші тұратынын айтады.

– Буллинг жасаған бала әрдайым күшті емес. Көп жағдайда ол – өз ішіндегі қорқыныш пен ауырсынуды басқаға бағыттап жүрген бала. Сондықтан буллингтің артында көбіне екі зардап шегуші тұрады: бірі – қорланған бала, екіншісі – агрессия арқылы көмек сұраған бала, – дейді маман.

Әскери журналист Мұхарбек Жәкейұлы буллинг тақырыбы күн сайын ашық талқыланып отырса, белгілі бір нәтиже болады деген пікірде.

– Онда ахуал сөзсіз өзгерер еді. Көп жағдайда көзге көрінбейтін мәселе қалыпты нәрсе сияқты қабылданады. Егер буллинг жағдайы ашық айтылып, күнделікті талқыланып отырса, қоғам оның қалыпты құбылыс емес екенін жақсырақ түсінер еді. Сол кезде бұл кеселмен күресудің әртүрлі жолы да табылады, – дейді ол.

Жоғарыдағы психотерапевт дәрігердің пікірі буллингке көзқарасты түбегейлі өзгертеді: бұл құбылыс – жай ғана «тәртіп бұзушылық» емес, ішкі психологиялық күйреудің сыртқа шыққан көрінісі. Яғни мәселені тек жазалаумен тоқтату мүмкін емес, себебі оның тамыры әлдеқайда тереңде жатыр. Агрессияны басумен емес, оның себебін түсінумен күреспесек, буллинг бір ортадан екінші ортаға көшіп жүре береді. Сондықтан ең ашы шындық – біз көбінесе салдармен күресіп, себепті елемей келеміз. Шынымен, салдарымен күресіп жүрміз. Біз болған оқиғадан кейін ғана әрекет етеміз. Ал түпкі себеп – эмоционалдық тәрбие, қауіпсіз орта, эмпатия мәдениеті жиі назардан тыс қалып жатады. Яғни өртті өшіргенімізбен, оның шығу себебін зерделемейміз.

Ойымызды түйіндесек, буллинг дегеніміз – жай ғана «балалықтың қылығы» емес, адамның тағдырына әсер ететін әлеуметтік дерт. Оны елемеу, ақтау немесе үнсіз қалу – сол дерттің таралуына тікелей жол беру деген сөз. Қоғамда біреудің қорлануы қалыпты көрінген сәтте, біз тек жеке адамды емес, тұтас құндылықтар жүйесін жоғалта бастаймыз. Сондықтан үнсіз қалатын уақыт әлдеқашан өтті. Әр ата-ана, әр мұғалім, әр оқушы және жалпы қоғам бұл мәселеге бейжай қарамауы тиіс. Буллингке қарсы тұру – тек таңдау емес, адамгершілік міндет. Егер бүгін әрекет етпесек, ертең кеш болуы мүмкін.

Біз буллингке ұшыраған баламен тілдесіп, мән-жайға қанықтық. Журналистік этиканы ескере отырып, сұхбаттасқан баланың аты-жөнін жария етпеуді жөн көрдік.

БУЛЛИНГТІ ҚАЛАЙ ЖЕҢДІМ?

– Өзің бір кездері буллингке тап болыпсың. Осыны ретретімен ашық айтып берші.

– Буллинг – тамыры тереңде жатқан, бірақ көп жағдайда мойындалмайтын ауыр шындық. Бұл – мен үшін теория емес, жеке басымнан өткен тәжірибе. Бәрі бір мектептен екіншісіне ауысқан кезде басталды. Жаңа ортаға тез бейімделуге тырыссам да, мені ешкім бірден қабылдамады. Сынып ішінде топтарға бөлінген ортада мен сыртта қалдым. Жалғыздық күнделікті күйіме айналды. Қорғансыз болдым. Оқушылар түгілі, мұғалімдерден де қағажу көрдім. Себебі өзім поэзияны жақсы көремін. Ақындардың өлеңдерін мәнерлеп оқығанды жаным сүйеді, өлеңді тез оқимын. Бірақ мұғалімдер соған қарамай, менің қабілетімді көре тұра, сол сыныптағы балаларды алға шығарды. Пәннен алатын бағам күрт төмендеді. Бұл – жай баға емес, сенімімнің құлау сәті. Ал сынып ішіндегі қысым тіпті қатыгез болды. Партаға жазылған балағат сөздер, ашық келемеж күнделікті қорлыққа айналды. Бір сәтте бір адам емес, бүтін бір жүйе маған қарсы тұрғандай сезіндім.

– Сенің ойыңша, сол буллингтің негізгі себебі неде болды?

– Негізгі себеп – мені «әлсіз» деп қабылдау. Әлсіз көрінген адам көп ортада автоматты түрде нысанаға айналады. Бұл – ең қауіпті стереотип. Бірақ мәселе тек менде емес еді. Бұл – жабық, өзгерісті қабылдамайтын ортаның мәселесі. Жаңа адамды кіргізбейтін, әртүрлілікті көтермейтін ортада буллинг өздігінен пайда болады. Мұғалімдердің тең көзқарас танытпауы да әсер етті. Кішкентай оқушы болсам да, мені үлкендермен салыстыру, бәсекеге итермелеу ішкі қысымды күшейтті. Бұл – жай оқу процесі емес, психологиялық қысым жүйесі.

– Мұндай жағдайда қандай әрекет жасадың?

– Ол кезең мен үшін оңай болған жоқ. Жан дүнием құлазып, өзімді керексіз сезіндім. Бірақ ең қауіпті сәтте мен берілуді емес, күресті таңдадым. Үнсіз қалмадым. Керісінше, өзімнің мықтылығымды дәлелдеуге кірістім. Сабақта еш қысылмастан жауап бердім, жарыстарға қатыстым, әр мүмкіндікті сәтімен пайдаланып, өз мүддемді өзім қорғадым. Уақыт өте келе бір нәрсе анық болды: мені сындыруға тырысқан орта мені тоқтата алмады. Уақыт – емші. Күн артына күн жалғасып, ортам мені мойындай бастады. Осылайша буллингке бейімделген жоқпын, керісінше, оған қарсы тұрдым. Соның нәтижесінде буллинг мені емес, мен оны жеңдім.

Аружан ЕСЕНГЕЛДІ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

БАЛАЛАР ОЙЫНДАРЫ ҚЫМБАТ ПА?

Қаланың у-шуы мен күнделікті күйбең тіршілігінен ересектер ғана емес, балалар да демалғысы келеді. Каникул күндері олар да уақытын қызықты өткізуге талпынады. Телефон мен планшеттен жалыққан бүлдіршіндер үшін ойын алаңдары, ойын-сауық орталықтары осы мәселенің шешімі десек артық айтқандық емес.

Соңғы уақытта балалар ойын-сауығының құны аспандап, көптеген отбасы үшін қомақты шығынға айналған. Әсіресе көпбалалы отбасылар үшін бұл бір бүйіріне бататын жайт болып отыр. Қандай шығын болса да, баланың жан-жақты дамуы мен көңілі үшін ата-ана аянып қалмасы анық. Дегенмен күн санап шарықтаған баға көпшілікті ойландырмай қоймайды.

Астанадағы бірнеше сауда, ойын-сауық орталығының бағасын салыстырып қарасақ, құнында айтарлықтай айырмашылық бар екенін байқауға болады. Мәселен, Kidburg ойын залына 6 жасқа дейінгі бір баланы жұмыс күндері апару – 3000 теңге. Playora орталығында 1,5 сағаттық ойын уақыты жұмыс күндері 2500 теңге болса, демалыс күндері 3000 теңгеге дейін көтеріледі. Ал Damu Mall сауда орталығындағы Baby Boom ойын алаңында баға 3900 теңгеден басталып, демалыс күндері 4900 теңгеге дейін жетеді. Amiland орталығында бір баланың ойын уақыты жұмыс күндері – 3000 теңге, демалыс күндері – 4000 теңге. Бір қарағанда, бұл қаржы аса қомақты көрінбеуі мүмкін. Алайда отбасында екі-үш бала болса, шығын көлемі бірнеше есеге артады. Мысалы, бір ғана демалыс күнінде үш баланы ойын орталығына апару 10-15 мың теңгеден де асып



кетуі ықтимал. Бұған жол ақысы мен қосымша шығындарды қоссақ, қаржы едәуір көбейеді. Бұл тек қарапайым ойын алаңдарының бағасы ғана. Ал қаладағы түрлі аттракциондар, үлкен ойын кешендері мен интерактивті аймақтарда баға әлдеқайда жоғары. Осы ретте ата-аналар мұндай демалыс орындарының бағасына қатысты өз пікірін білдірді.

– Ойын-сауық орталығына жиі бару қалтаға салмақ салады. Балалардың көңілі үшін апарамыз, әрине. Бірақ бір барғанның өзінде айтарлықтай ақша кетеді. Екі-үш баламен барсаң, шығын еселенеді. Сондықтан жиі бара бермейміз, – дейді екі баланың анасы Айдана Қалымбетова.

Ал елордалық көпбалалы ана Гүлнұр Темірбекова бағаның аспандап кеткенін айтты.

– Балалар қуанып барғанымен, бағалары, шынымен, қымбат. Әсіресе демалыс күндері барсаң, бір күндік шығын отбасы бюджетіне салмақ салады. Сондықтан мұндай орындарға әрдайым бара беру мүмкін емес, – дейді ол.

Осылайша, балалардың көңіл көтеруіне арналған орталықтар бір бала үшін қолжетімді көрінгенімен, көпбалалы отбасылар үшін айтарлықтай қаржылай жүктемеге айналып отырғанын байқай аламыз. Айта берсек, баға саясатына қатысты түрлі жағдай бар. Дегенмен балалар ойын-сауық орталықтарының бағасы бүгінде көпшіліктің назарында екені анық. Мұндай түйткілдер ретке келсе, халықтың күнделікті өміріне де жеңілдік болары сөзсіз. Баланың күлкісі – әр отбасы үшін ең қымбат құндылық. Сондықтан оның қуанышына бағытталған қызметтердің қолжетімді болуы да маңызды.

Асыл МЫРЗАҒАЛИЕВ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

ҰСТАЗ. ҒАЛЫМ. ҚАЙРАТКЕР

көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Өмірзақ Озғанбай 85 жаста

...Өзің баспасөз саласында қызметте жүргеннен кейін түрлі дәрежедегі басылымдарды қадағалап оқуды әдетке айналдыратының белгілі. Мен де осындай жандардың қатарындамын. Бірде Өмірзақ аға Озғанбайдың «Ресейдің Мемлекеттік Думасы және Қазақстан» кітабы қолыма түсті. Қадағалап оқып шықтым. Бұрын бізге мәлім емес деректер. Ресейдің Мемлекеттік Думасына депутат болып сайланған қазақ зиялыларының есімі, өмір жолы. Апыр-ау, мұны біз кезінде мектеп қабырғасы түгілі, жоғары оқу орнында да білгеніміз жоқ.



Өмірзақ атамен 2013 жылы жүздесудің сәті түсті. Ол кезде өзім республикалық «Ардагерлер ұйымы» орталық кеңесі жанындағы әлеуметтік мәселелер жөнінде қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары деген лауазымды негізгі жұмысыма қосымша атқарушы едім. Осы кезеңде төрағамыз ауысып, ол орынға Маңғыстау облысы ардагерлер ұйымының басшысы Өмірзақ аға сайланған болатын. Арада едәуір уақыт өтті. Бір күні «Сізді төраға шақырады» деген хабар алдым. Өмекеңді өткен жиында бәрімізге таныстырған. Арагідік жүздесіп қаламыз. Сәлемдесіп, жөн сұрасып жатады. Сұңғақ бойлы бойын тік ұстайды. Үнемі жымиып жүреді десем артық айтқандық емес. Бетінен иманы төгіліп тұратын жан. Белгіленген уақытында бардым. Есік қағып, бөлмеге ендім. Орынбасары Бекболат Мұқышев екеуі отыр екен. Өмекең орнынан тұрып, менімен бұрыннан таныс адамдай емен-жарқын амандасып, қол алыстық. Бәкеңді әлгінде жолықтырған едім. Бірден шаруасын айта бастады. Алдағы жоспарлы төралқа мәжілісінде талқыланатын мәселелерге байланысты әзірленген материалдардың орыс тіліндегі мәтінін қазақшаға аудару қажет екен. Ертеңінде тапсырманы орындап, құжаттарды апарып бердім.

Әдетте, ұжымға жаңа басшы келгенде, жаңа бір серпін пайда болатыны белгілі. Біз осыны анық байқадық. Бұған дейін Өмірзақ аға Маңғыстау облысының ардагерлер ұйымын 4 жылға жуық басқарған. Оның алдындағы жауапты қызметтерін еске алсақ, негізі 1987 жылы қаланған республикалық ұйымның тізгінін Өмекең қолға алған соң жұмысымыз жандана түсті десем, өзім куәгер ретінде артық айтқандық емес.

Деректерге көз жүгіртейік. Бірлестік тарихында тұңғыш рет республикалық ардагерлер басылымдары: «Ардагерлер айнасы» газеті мен «Ветеран общество» журналы жарық көре бастады. Орынбасарлары Бекболат Мұқышев, Көпболсын Бекмағанбет, жауапты хатшы Бейбіт Оспан бар, төралқа мүшелерімен, белсенділермен облыс аудандарына, іргелі елді мекендеріне сапарлары қалыпты дәстүрге айналды. Ардагерлер кеңесі төралқасының шалғай аудандарда көшпелі мәжілісін өткізу де алғаш рет қолға алынды.

Өмекеңді республика жұртшылығы саналы ғұмырын қоғам тіршілігіне белсене араласып, талай жауапты қызметті абыроймен атқарып, еліміздің рухани, мәдени өміріне, ғылым-білім, тарих саласына бір адамдай үлес қосып келе жатқан мемлекет және қоғам қайраткері ретінде таниды. Осы орайда ардагер ағамыздың өмір деректеріне назар аудара кетуді парызымыз деп санадық. Дәлірек айтсақ, Өмірзақ Озғанбайұлы 1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталуына 13 күн қалғанда, маусым айының 9-ы күні Маңғыстау өңіріндегі Құрық кентінде өмірге келген. Әкесі өмірі ұзақ болсын деген ниетпен есімін Өмірзақ қойып, ұлының мандайынан бір иіскеп, Каспийдің төсінде толқынға тербелген кемеге өзі қатарлы жігіттермен бірге қан майданға жол тартады. Аяулы жары Ақажан Баутин портының басында ботадай боздап қала берді. Сол сапардан көзден ғайып болып, майдан даласынан оралмады. Анасы Ақажан отағасының мұрагері, артында қалған тұяғы – ұлы 7 жасқа толғанда Форт Шевченкодағы мектепке оқуға береді. Кейін Саура жеріндегі мектепке ауыстырып, онда да тұрақтай алмай, Қарақалпақстанмен шекаралас Сенек елді мекеніндегі білім ордасына беріп, ақыры жетіжылдықты Түрікменстанның Қарабұғаз көлі іргесіндегі Бекдашы-Алтыншы кентінде бітіруіне барын салады. Жалғыз ұлының білім алуын мақсат тұтқан анасы оқуын әрі қарай жалғастыру үшін оны Красноводск (Шағадам) қаласындағы орта мектеп интернатының 8-сыныбына әкеліп табыстайды.

> Өмекең ағамыз – қазақ әдебиетінің түрлі жанрдағы келісті көсем сөздерін, аңыз-хикаяларын, мақал-мәтелдерін, жалыны мол жыр жолдарын бойына молынан сіңірген қаламгер. Ал ғалым, ұстаз санатындағы туындыларында, зерттеулерінде көкейтесті ойларымен оқырмандар құрметіне бөленген тұлға деп айтар едім

Отбасының түрікмен жеріне қалай барып жүргенін Өмірзақ аға былай деп еске алады:

«20-жылдардағы аштық адайларды атақонысынан көшуге мәжбүр еткені мәлім. Осынау қысастыққа қарсы тұрған қайсар халық өкілдерін «кеңес өкіметіне қарсы көтерілген әрекет» деп бағалап, мұздай қаруланған әскер қатаң жазалағаны белгілі. Содан адайлардың қалың ауылдары қазіргі Түрікменстанның жерінен бір-ақ шыққан ғой. Алдымен бұл жерге 1927 жылдан бастап күнкөрістің қамымен біраз ағайын қоныс аударса, 1931 жылғы Адай көтерілісінен кейін олар мұнда тіпті көбейіп кетеді. Қазақтардың басым көпшілігі сол кезде кен табылып, жұмыс орны ашылған Красноводскіге көптеп қоныс аудара бастаған еді».

Шәкірттің алған бетінен қайтпайтын өжеттігі, алғырлығы, зергектігі, еңбеккөрлығы өңірдегі озық білім ордасы санатындағы мектеп ұстаздарын ерекше тәнті етті. Түбіт мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан бозбала Өмірзақ мектепті кілең бестік бағамен тәмамдайды.

Өзімен қанаттас жолдастары Түрікменстанның университеті, Ташауыз, Шаржау педагогика институттарына құжаттарын тапсырып жатқанда, қолында үздік аттестаты бар Өмірзақтың аяғын қу жетімдік байлайды. Амалсыздан Қызылорда педагогика институтына сырттай оқуға түсіп, анасына салмақ түсірмейін деп мектепке қызметке кіріп, аға пионер жетекшісі ретінде еңбек жолының алғашқы парақтарын бастайды.

Жас маман қызметіне бар ынта-жігерімен кіріседі. Өз міндетіне қатысты әдебиеттерді, газет-журнал бетіндегі материалдарды үзбей оқып, білімін толықтыра түседі. Әсіресе өзі сияқты жетім балалардың өмірін зерттеп, ұлттық мектептегі қазақы тәлім-тәрбие жас ұрпақтың өсіп-жетілуіне, білім нәрімен сусындауына мейлінше ықпал ететінін өз көзімен көріп, сезініп жүрді.

Сәл ілгері кетіп айтсақ, Өмірзақ ағамыздың шәкірт психологиясын зерттеп, ғылыми еңбектер жазамын деген мақсаты осындай әсерден туғаны анық.

Шынында, Өмірзақ ағамыз Қызылорда педагогика институтын қызыл дипломмен тәмамдап, педагогика саласындағы лауазымды қызметтерде жүргенде, «Дәуір белестерінде», «Халықтан асқан ұстаз жоқ», орыс тілінде «Основы психологических знаний», «Воспитание школьников и общественность» және тағы басқа еңбектер жазып, олар сала мамандарының қолданыс құралдарына айналғанынан хабардармыз. Нәтижесінде Өмірзақ атамыз 1982 жылы Мәскеуде педагогика ғылымдары бойынша кандидаттық диссертациясын табысты қорғап шығады.

Ендігі айтарымыз, Өмірзақ ағамыздың келесі мамандығының бір парасы – тарихшы. Олай дейтініміз, ағамыздың бұл саладағы қай еңбегі болсын күрделі зерттеудің күрмеуін бұзып, байыпты барлау жасалып, зерделі зерттеудің нәтижесін алға тартады. Оған дәлел – жоғарыда атап өткен «Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917 жж.)» атты көлемді еңбегі және осы тақырыпта докторлық диссертация қорғауы. Автор бұл еңбегінде 20-ғасырдың бас кезеңіндегі Ресейдегі әлеуметтік ахуал мен қазақ даласындағы ел жағдайын, туған халқы үшін небір қиындықтарды басынан кешіріп жүрген, күрделі мәселелерді көтере білген тұлғалардың өнегелі ісі жайлы нақты деректерді пайдалана отырып, мол мағлұматты алға тартады. «Өте құпия» деген санаттағы деректерді жұртшылыққа жария етеді. Оқырман қауым Ресей Думасының I-II шақырылымына қазақ даласынан сайланған 12 қазақ депутаты туралы бұрын еш жерде жарияланбаған деректермен танысады. Олардың қатарында Ә.Бөкейханов, А.Бірімжанов, Б.Қаратаев, М.Тынышбаев, С.Жантөрин, Ш.Қосшығұловтың және басқаларының есімі аталады. Осы орайда белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, драматург Жабал Ерғалиевтің ардагер ағамыздың Ш.Қосшығұлов жайлы жазылған «Рух күрескері» кітабы шыққан кездегі мына бір жазбаларын келтіре кетуді жөн көрдік. «Астана мен Көкшетау аралығындағы тасжол бойында шағын ғана Қоғам деген ауыл бар. Сол ауылдың тұрғындары Өмірзақ Озғанбаевты өз елінің ұлы деп санайтындары және бар. Ресей Думасына тұңғыш депутат болған қазақтардың бірі Шәймерден Қосшығұлов – осы өңірдің тумасы, біраз ұрпақ-жұрағаттары осында тұрады».

Сенатор Озғанбаевтың «Рух күрескері» деген кітабы баспадан шыққан сәтте, сол хабарды естіген ауыл дүрлігіп кеткен еді. Өйткені бұл кітап Қосшығұлов жайлы жазылған тұңғыш зерттеу еңбегі еді. Сол кітабын Астанадан арқалай жетіп, ауыл тұрғындарына түгелдей таратып берді.

– Айналайындар, оқыңдар, біліңдер! Біздің бабаларымыз осал болмаған. Енді мына мектеп пен ауылға Шәймерден Қосшығұловтың есімін берейік, – деген-ді сенатор Озғанбаев.

– Жә! – дескен ауыл адамдары.

– Бұл ұсыныс далада қалмайды, – дескен әкімдер. Солай болды да.


Журналистік салада 40 жылдан астам қызмет еткен өз басым Озғанбай ағамен бір ұжымда ширек ғасырға жуық еңбек еткенімді мақтан тұтамын. Осы кезеңде ардагер ағаның шығармашылығына қызығушылықпен, мақтанышпен қарап келемін. Ағаны білікті ғалым, қарымды қаламгер ретінде танимын, бағалаймын.

Өмекең ағамыз – қазақ әдебиетінің түрлі жанрдағы келісті көсем сөздерін, аңыз-хикаяларын, мақал-мәтелдерін, жалыны мол жыр жолдарын бойына молынан сіңірген қаламгер. Ал ғалым, ұстаз санатындағы туындыларында, зерттеулерінде көкейтесті ойларымен оқырмандар құрметіне бөленген тұлға деп айтар едім. Оған ағамыздың шығармашылық қызметінде 50-ден астам кітабы жарық көріп, ғылыми-теориялық халықаралық конференцияларда 20-дан артық баяндамасы бірнеше рет тыңдалып, 2021 жылы Алматыдағы «Нұрлы әлем» баспасынан 5 томдық шығармалар жинағының жарық көруі дәлел. Түрлі дәрежедегі басылымдарда (шетелді қоспағанда) 60-қа жуық мақаласы жарияланды. Ағамыздың жетекшілігімен 4 кандидаттық диссертация қорғалды. Өмірзақ Озғанбай – Қазақстан Республикасының екі палаталы Парламентінің тұңғыш сенаторы, Аймақтық даму комитетінің төрағасы, республикамыздағы парламентаризмнің қалыптасуына зор үлес қосқан мемлекет қайраткері, 18 мемлекетік, 11 шет мемлекеттерінің, 8 әлеуметтік, 110 халықтық марапаттардың иегері.

Бәдуан ИМАШҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының, қалалық Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі

СЕКСЕННІҢ СЕҢГІРІНДЕГІ АҚЫН

Биыл қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын Серік Тұрғынбекұлы мерейлі 80 жасқа толып отыр. Ақын өзінің саналы ғұмырын елдің сөз өнеріне, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арнап келеді. Сол себепті бұл – оның ғана емес, қазақ руханияты үшін маңызды белес.



Серік Тұрғынбекұлы – поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбасы ерте қалыптасқан қаламгер, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Мақамбет сыйлығының» иегері. Оның өлеңдері терең ойға, ұлттық рухқа, адамгершілік құндылықтарға негізделген. Ақын шығармаларынан туған жерге деген сүйіспеншілік, халық тағдырына деген жанашырлықты айқын байқауға болады. Оқырманның айрықша ықыласына бөленген ол – қастерлі поэзия арқылы ұлтының жаны мен болмысын жеткізе білген тұлға.

Серік ақынды мерейтойымен құттықтау үшін шаңырағына барғанымызда, әсіресе, қазақтың ұлы композиторлары Шәмші Қалдаяқов, Нұрғиса Тілендиев, ақиық ақындар Мұқағали Мақатаев пен Кеңшілік Мырзабеков жайында шерткен естелігі ерекше есте қалды.

Ағамыздың айтуынша, бір күні Шәмші Қалдаяқов мейрамханаға барған. Есік алдындағы полиция қызметкерлері оны ішке кіргізбей қояды. Себебі оның киімі өте қарапайым, қазіргі тілмен айтқанда «дресс-кодқа» сай келмеген екен. Ал сол сәтте мейрамхананың ішінде дәл Шәмші Қалдаяқовтың әндері шырқалып жатады. Содан Шәмші ағамыз: «Бұл – менің әндерім» деп айтса да, ешкім сенбеген. Кейін жеке құжаттарын көрсеткенде ғана оның шынымен атақты сазгер екенін түсінеді. Сонда полиция қызметкері: «Сіз шынымен Қалдаяқовсыз ба?» деп сұрағанда, Шәмші ағамыз кішкене тұтығып, сәл кідіріп: «Почти Қалдаяқовпын» деп жауап берген екен. Осыдан кейін оның жолдастары әзілдеп, «Почти Қалдаяқов» деп атап кеткен көрінеді.

Сонымен қатар, бізді ерекше таңғалдырған дүние – ол Серік ағамыздың үйіндегі жеке кітапханасы. Сан түрлі мұқабалы қазынаға толы рухани бұрыш ақынның білімге, әдебиетке деген шексіз құрметінің айғағы іспетті. Әр кітап – оның өмір жолындағы бір белес, бір ойдың куәсіндей.

Астана қаласы Мемлекеттік архивінің жеке тектік қорындағы Серік ағамыздың Астана туралы толғауы да ақынның ел мен жерге деген шексіз сүйіспеншілігінің көрінісі.

Аталған қорда Серік Тұрғынбекұлының 2006 жылғы 8 ақпандағы санында «Сырбай мен Ғафудан сабақ алдым, ақындық тұсауымды Мұқағали кесті» деген «Арқа ажары» газетіне берген сұхбаты бар екен. Ақынның қай әңгімесі болмасын кейінгі ұрпақ үшін тағылымға толы нағыз рухани азық. Жылы жүздесу біз үшін де үлкен өнегелі әсер қалдырды. Серік Тұрғынбекұлының шығармалары ғана емес, өмірлік тәжірибесі мен парасатты пайымы да құнды мұра.

Рита ӘЛІБЕККЫЗЫ,
Астана қаласы Мемлекеттік архиві ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және іс-шараларды өткізу бөлімінің басшысы

Астана қалалық Ардагерлер кеңесі республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесінің жауапты хатшысы

Оспан Бейбіт Тынымбайұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№67 (4965) 09/06/2026 Сейсенбі

БЕС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС

Күй күмбірі мен қоңыр қобыздың үні тоғысқан кеште ұлттық өнердің тынысы айрықша сезілді. Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында Халық аспаптар ансамблінің 5 жылдық мерейтойына арналған концерт өтіп, өнерсүйер қауым рухани кештің куәсі болды.



Мерейтойлық кеш Жамағат Темірғалиевтің «Бақтыбайдың әуені» шығармасымен шымылдығын түрді. Халық аспаптар ансамблі мен «Наз» би театрының бірлескен қойылымы көрерменді бірден қазақы болмыс пен ұлттық нақышқа жетеледі. Дирижерлік тізгінді халықаралық байқаулардың лауреаты Берік Сарыбай ұстады.

Бес жыл бұрын белгілі дирижер, «Мәдениет саласының үздігі» Маралжан Мырзақұлованың бастамасымен құрылған ұжым аз уақыт ішінде өзіндік орындаушылық мәнерін қалыптастырып, театрдың шығармашылық өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Бүгінде ансамбльдің шығармашылық дәстүрін Берік Сарыбай жалғастырып келеді.



Кеш барысында орындалған шығармалардың әрқайсысы өзіндік бояуымен ерекшеленді. Марат Бердіғұловтың «Шахристаны», Ернар Кәкежановтың «Шабыты», Нұрболат Сахының «Сарыны», халық әні «Ақерке», Нұрғиса Тілендиевтің «Сарыжайлауы» көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әсіресе, ансамбль мүшесі Нұрболат Сахының биыл дүниеден өткен ұстаз, ансамбльдің негізін қалаушы Маралжан Мырзақұловаға арнаған «Аққан жұлдыз» шығармасы орындалған сәт залды ерекше толқынысқа бөледі. Экраннан көрнекті дирижердің суреттері көрсетіліп, көрермен ықыласы ұзақ қол шапалаққа ұласты.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, кештің құрметті қонағы Ерлан Рысқали сахна төріне көтеріліп, Ақан серінің «Шырмауық» әні мен «Қалқатайдың дауысы-ай» шығармасын орындады. Дәстүрлі әншінің әуелеген үні көрермен көңілін баурап, концерттің шырайын аша түсті.

Мерейтойлық кеш соңында театр директоры, «Мәдениет саласының үздігі» Ербол Жақсыкелдіұлы мен театрдың көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлсина Мирғалиева ансамбль ұжымын құттықтап, өнер иелеріне құрмет көрсетті.

Күй мен ән, дәстүр мен жаңашылдық үндескен бұл кеш бес жылдық белесті қорытындылап қана қоймай, Халық аспаптар ансамблінің әлі талай асуды бағындырарына сенім ұялатты. Ғасырлар үнін бүгінмен сабақтастырған өнер ұжымының мерейтойы көрермен жадында ұзақ сақталары анық.

Ұлжалғас ӘБДІҚАДЫР,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің студенті

БӘЙГЕ ЖЕҢІМПАЗЫ ПӘТЕР ҰТЫП АЛДЫ

«Қазанат» атшабарында Мемлекеттік рәміздер күні мен Құрбан айт мерекесіне байланысты ұйымдастырылған республикалық бәйге жарысы аяқталды. Оны Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Республикалық бәйге федерациясы, Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясы, NAK құрылыс компаниясы және қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырды.



Дүбірлі додаға еліміздің әр өңірінен келген 50-ге жуық таңдаулы тұлпар мен тәжірибелі шабандоз қатысып, «Құнан», «Топ» және «Аламан» бәйгелері бойынша бақ сынады. Ұлттық спорт мерекесін 8500-ден астам көрермен тамашалады.

Жарыс қорытындысы бойынша «Құнан» бәйгесінде Алматы облысы Балқаш ауданынан Мерей Гарипулиннің «Бақторы» тұлпары жеңімпаз атанды. Екінші орынды Жамбыл облысы Қордай ауданынан келген Алтынбек Жантөренің «Тауқасқасы» иеленсе, үшінші орын Астана қаласының өкілі Лесбек Дамирдің «Нұршашу» тұлпарына бұйырды. «Топ» бәйгесінде де Алматы облысы Балқаш ауданынан келген Мерей Гарипулиннің «Қарағашы» топ жарды. Екінші орынды астаналық Лесбек Дамирдің «Аққөзі» иеленсе, үздік үштікті астаналық Кемекбай Бекалының, «Бақкелді» тұлпары түйіндеді. Ал ең тартысты өткен 25 шақырымдық «Аламан» бәйгеде Алматы облысының намысын қорғаған Әлижан Мансұр тақымдаған «Бүркіт» тұлпары мәреге бірінші болып жетті. Екінші орынды Павлодар облысы Баянауыл ауданынан келген Бекбатыр Нұрасылдың «Айманы», үшінші орынды Алматы облысы Балқаш ауданының өкілі Мерей Гарипулиннің «Шалқұйрығы» иеленді.

Өз кезегінде Әлижан Мансұрдың бапкері Әділет Ноқатай бұл жеңіс ұзақ дайындықтың нәтижесі екенін айтты.

– Астанада бәйге болады дегеннен кейін атымызды дайындап, үмітпен келдік. Осыдан бір апта бұрын Алматы қаласында жаңадан ашылған Nomad Arena атшабарында бірінші орын алып, Kia K5 автокөлігін ұтып алған едік. Араға бір апта салып Астананың төріне келіп, үй ұтып алып жатырмыз, – деді ол.

Мәдина ІЗЕКЕНОВА

ЖЕЛАЯҚТАР РЕКОРД ОРНАТТЫ



Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен бесінші мерейтойлық Astana Half Marathon өтті. «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры ұйымдастырған ең ірі жүгіру жарысы 7000 қатысушының басын қосып, жарыс тарихындағы шетелдік спортшылар саны бойынша рекорд орнатты.

Биыл жарыс жолына әлемнің 30-дан астам елінен келген 243 шетелдік желаяқ шықты. Шетелдік қатысушылардың ең көбі Ресейден (91 адам), Өзбекстаннан (28 адам) және АҚШ-тан (17 адам) келді. Сондай-ақ Қытайдан – 15, Қырғызстаннан – 14, Франциядан – 11, Оңтүстік Кореядан – 6, Ұлыбританиядан – 6, Польшадан – 5 және Германиядан 5 адам қатысты. Жарыс географиясы Азия, Еуропа, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Африка, Таяу Шығыс пен Мұхит елдерін қамтыды.

Тәуелсіздік даңғылынан басталып, «Арқар» және «Сығанақ – Мәңгілік ел» көпірлері арқылы өтіп, «Ақорда», Есіл өзенінің жағалауы, «Бәйтерек» монументі, Abu Dhabi Plaza кешені және EXPO аумағын қамтыған маршрут қала қонақтарына спорт іс-шарасына қатысып қана қоймай, Астанамыздың заманауи сәулетімен және көрнекті орындарымен танысуға мүмкіндік берді.

– Жыл сайын Astana Half Marathon әлемнің әртүрлі елінен келетін қатысушылар санын арттырып келеді. Бұл жарыстың халықаралық мәртебесінің өсіп келе жатқанын және Астананың әлемдік жүгіру картасындағы орнын нығайтып жатқанын көрсетеді.

Astana Half Marathon Халықаралық марафондар мен жүгіру жарыстары қауымдастығына (AIMS) кіреді. Бұл қашықтықтың дәлдігін және нәтижелердің әділдігін қамтамасыз етеді. Сондықтан көптеген тәжірибелі желаяқ жеке рекордын жаңарту үшін осы жарысты таңдайды. Astana Half Marathon – елорда үшін өзін мыңдаған қатысушы мен қонаққа әкімшілік орталық ретінде ғана емес, сонымен қатар заманауи, белсенді әрі ашық қала ретінде таныту мүмкіндігі, – деді «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ғалымжан Есенов.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 67
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ